**Тексерілді:**

**«Айгөлек» шағын орталығының әдіскері А.Адилова**

**Балалар өмірін ұйымдастыру және тәрбиелеуді жоспарлау циклограммасы**

**«Балдырған» ересек топ Наурыз айы(2-апта)**

Өтпелі тақырып «Нұр себеле Ұлыстың ұлы күні»

Тақырыпша «Қазақ халық ауыз әдебиеті бізде қонақта»

Апта күні :07.03-11.03.2022ж

| **Күн тәртібі** | Дүйсенбі 07.03 | Сейсенбі 08.03 | Сәрсенбі 09.03 | Бейсенбі 10.03 | Жұма 11.03 |
|---|---|---|---|---|---|
| Балаларды қабылдау | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалардың балабақшаға келуге қызығушылығын арттыру.Балабақша туралы жақсы ой қалыптастыру.Балалардың сүйікті ойыншығы мен заты туралы әңгімелесу | | | | |
| Ата-аналармен әңгімелесу | Ата-аналармен бала денсаулығы туралы әңгімелесу, күн тәртібін сақтау, балабақшаға бейімделу бойынша ата-анаға кенес беру. | | | | |
| Ойындар (үстел үсті саусақ және т.б. ) | Үстел үсті ойыны<br>№ 2 «Жұбын тап»<br>Мақсаты:<br>Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу. | | Дид.ойын:<br>№8 «Отбасы мүшелерін ата»<br>Мақсаты: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету.<br>Көрнекі құралдар: Отбасы бейнеленген әртүрлі суреттер. | Саусақ жаттығуы<br>№24. Кіші шарменжаттығу.<br>Мынау менің оң қолым,<br>Мынау менің сол қолым.<br>Кіші шарды аламын,<br>Жаттығу жасаймын.<br>Оң қолым мықты болсын!<br>Сол қолым мықты болсын!<br>(Екі шарды алақанға салып, уысқа қысу, оң, сол қолды көрсетіп, жаттығу жасау). | Үстел үсті ойыны<br>№ 6 «Көкөністер-жемістер лотосы»<br>Мақсаты:<br>Жемістер мен көкөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсінктерін кеңейту. Олардың аталуын, бір-бірінен айырмашылығын, адам аулығына маңызын білу. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Таңертеңгі гимнастика (5 мин) | №1-ші таңертеңгі жаттығу кешені | | | | |
| Таңғы ас | Мәдени-гигиеналық машықтарды меңгеру және орындауды пысықтау. «Бата беру»,«Ас қайыру» дәстүрлерін үйрету | | | | |
| Ұйымдастырыл ған оқу қызметіне дайындық | Дид ойын:<br>№12«Киімдерді ата»<br>Мақсаты: Түрлі киім атауларын (пальто, етік, құлақшын т.б.) атап айтуға үйрету, сөздік қорын кеңейту, ұл бала мен қыз баланың киімін ажырата білуге үйрету. Көрнекі құралдар: Әртүрлі киімдердің суреттері. | | Дид.ойын:<br>№31 «Кілтін тап»<br>Мақсаты: Пішіндерді атауға, тануға үйрету. Үйдің терезесі қандай пішін, сондай пішінді тауып орналастыруға үйрету. Түстерін атап, шапшаң қимылдауға үйрету. Аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. | Дид.ойын:<br>№26 «Нешеу?»<br>Мақсаты: Атауға және санауға үйрету. Көп заттар мен аз заттарды ажыратуға үйрету. Көп-аз, тең-тең емес ұғымдарын ажыратуға дағдыландыру. Есте сақтау қабілеттерін дамыту | Дид.ойын:<br>№22«Пішіндерді ата»<br>Мақсаты: геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту,пішіндерді атауға, ажыратуға, салыстыруға жаттықтыру.<br>Көрнекі құралдар: геометриялық пішідер. |
| Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ҰОҚ | **Сөйлеуді дамыту**<br>Тақырыбы: Ертегілер Елінде. Театр әлемі<br>Мақсаты: Ертегі мазмұнын түсіндіру. Ертегі мазмұнын айтқызу арқылы сөздік қорын молайтып, тілін дамыту. Ертегідегі кейіпкерлердің іс- | | **Жаратылыстану**<br>Тақырыбы: Бөлме өсімдіктердің жаңа түрі<br>Мақсаты:<br>Балаларға өсімдіктің негізгі қажетті жағдай жасай білу дағдыларын дамыту;(күн | **Дене шынықтыру**<br>Жетекші маман жоспары бойынша<br><br>**Музыка**<br>Жетекші маман жоспары бойынша | **Дене шынықтыру**<br>Жетекші маман жоспары бойынша<br><br>**Мүсіндеу**<br>Тақырыбы: Қоян бауырсақты кездестірді<br>Мақсаты: балаларды, бөлікті қосып, оларды біріктіруге, оңай заттарды мүсіндеуге, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әрекеті арқылы балаларды тапқыр-лыққа, мейірімділікке, достыққа тәрбиелеу.<br>**Сурет салу**<br>Тақырыбы: Қызыл телпек<br>Мақсаты**:** «Қызыл телпек» ертегісі мазмұнымен таныстыру, сөздік қорларын молайту, сурет салу дағдысын дамыту, балаларды қайырымды, көпшіл болуға тәрбиелеу.<br>**Музыка**<br>Жетекші маман жоспары бойынша | | сәулесі, нұр, жылы, ылғал)<br>Өсімдіктерге қажет құралдарды қолдану дағдыларын ныгайту; (лупа, таяқша, т.б.)<br>өсімдіктерге қомқорлық сезімін тәрбиелеу.<br><br>**Көркем әдебиет**<br>Шыкбермес Шығайбай (қазақ халық ертегісі) | | оларды бөлшекетермен толықтыруға (тұмсық, көздер, құлақтар, кішкене табан) үйрету. Ермексазды алақанның арасында айналма қимылдармен жазу дағдысын жетілдіру. |
| ,Серуенге дайындық | Серуенге қызығушылықты ояту, балаларды біртіндеп киіндіру, киімдерінің дұрыс киілуін қадағалау, қатармен жүруге дағдыландыру | | | | |
| Серуен | **Картотека № 3**<br>Желді бақылау<br>Мақсаты: Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту,желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына | | **Картотека № 2**<br>Күнді бақылау<br>Мақсаты: Күн көзінің көктем кезіндегі белсенді өзгерісін көруге үйрету. Тақырып бойынша белсенді сөздікті дамыту.<br>*Қимылды ойын:* «Күн мен бұлт»<br>*Көркем сөз:*<br>Кешкі күн<br>Қонды тау басына.<br>Төкті нұр<br>Құзар шың басына. | **Картотека №16**<br>Бұталарды бақылау.<br>Мақсаты: Бұталарды бұтақтарына және бүршіктеріне қарай айыра білу біліктілігін бекіту қолайлы шарттармен байланысын көрсету.<br>*Қимылды ойын:* «Шегіртке»<br>*Көркем сөз:* Қыз көктем бойын | **Картотека № 5**<br>Бұлтты бақылау<br>Мақсаты: Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту.<br>*Қимылды ойын* «Кілттер»<br>*Көркем сөз:* Көрген сайын аспанда<br>Ала шарбы бұлтты,<br>Әжем түткен ақшамда<br>Елестетем түбітті. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | әсерін тигізетінін айту.<br>*Қимылды ойын:* «Қақпақ пен таяқ».<br>*Көркем сөз:* Жел - тым тентек бір бала,<br>Жан сүйгені - сар дала | | | түзеген,<br>Иісі жұпар бар алап.<br>Шалғынды кешіп тізеден,<br>Келеміз қырды аралап. | |
| Серуеннен оралу | Балалардың реттілікпен киімдерін шешуі, дербес ойын әрекеті . | | | | |
| Түскі ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс; әдеп ережесі. | | | | |
| Түскі ұйқы | Балалардың тыныш ұйықтауына жағымды жағдай орнату. Ұйқыға жактқызу. | | | | |
| Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары | №7. Майтабанның алдын алу. ( 2 минут)<br>Жалаңаяқ бір бірінің артынан жүру, аяқтын ұшымен жүру, өкшемен жүру, табанның ішкі жағымен жүру, сыртымен жүру. Арнайы жолдармен жүру. Орындықта отырып аяғымызды оңға солға тербету. ( 3-4 рет) | | №19.Велосипед тебу.<br>1. Балалар төсекте жатып, бастарын оңға ,солға бұрады.<br>2. Балалар төсекте жатып, қолды екі жаққа созу, жұдырықтап жұму.<br>3. Балалар төсекте жатып, велосипед тебу.<br>4. Қолтырауын болып, бір қырынан төсек үстінде аяқ-қолды созу. | №21.Алақаныңды көрсет.<br>Қолдары иықта,<br>Қолдарды алға созу, алақан көрсету.<br>Қалыпқа келу.<br>Қайталау, сол жаққа, алақан төменде.<br>Қалыпқа келу. | №1.Төсекте жатып жасайтын жаттығулар ( 2-3 минут)<br>Созылу. Б.қ. арқада жатып қолымызды жоғары көтеріп басымыздан асырап<br>төсекке түсіреміз, көзімізді ашып жұмамыз ( 2- 4 рет) |
| Бесін ас | Балалардың назарын тағамға аудару ; мәдениетті тамақтануға баулу бойынша жеке жұмыс | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| Ойындар, дербес әрекет | **Сюжетті-рөлдік ойын** «Кітапхана» Мақсаты: Кітапхана қызметкерлері туралы түсініктерін нақтылау, қоғамдық орындағы мінез-құлық ережесін бекіту. Балалардың есте сақтауын, тілдерін дамыту. | | **Сергіту сәті** Желменен ағаштар Тербеледі әрдайым Бір иілді,екі иілді Сыңғырлады жапырақтар | **№1Дид.ойын:** «Ағаштарды ата» Мақсаты: Ағаштар атау, өсімдіктерге кутім жасауға үйрету, олардың пайдасы және биік-аласа ұғымдарын ажырата білуді үйрету. Туған жерінің табиғатын қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу. Көрнекі құралдар: орман ағаштарының суреттері. | **№8 Дид.ойын:** «Отбасы мүшелерін ата» Мақсаты: Отбасы мүшелерін атау (ата, әже, әке, ана, іні, әпке, аға, сіңілі, қарындас, т.б.). Өз жанұясы туралы әңгімелесуге үйрету. Көрнекі құралдар: Отбасы бейнеленген әртүрлі суреттер. |
| Баланың жеке даму картасына сәйкеғс жеке жұмыс | Нұрасылға үйде, көшеде қоғамдық орындарда қауіпсіздік ереже лерін сақтауға үйрету. | | Каусарға өлеңді мәнерлеп айта білуін жетілдіру. | Аримжан Алиге он көлеміндегі сандарды тура және кері санауға жаттықтыру. | Ақнұрға алуан түрлі заттарды жалпылап және сипаттап ойын дұрыс айта білуді дамыту. |
| Серуенге дайындық | Киіну: серуенге шығу. Балаларға киініп, шешінуді, киімдерін бүктеуді үйрете отыру. | | | | |
| Серуеннен оралу | Серуендеуге қызығушылық тудыру. Әр түрлі бағытта жеке жұмыс жүргізу. Балалардың қалауы бойынша әртүрлі ойындарды ұйымдастыру | | | | |
| Балалардың үйге қайтуы | Балалардың балабақшаға кешікпей келуі туралы ата-аналарға ескерту.Келерде бетперде киіп келуін сұрау<br>Ата-аналармен балаларының тазалығы туралы әңгімелесу | | | | |